

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 13 наурыздағы N 383 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 1370 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006 жылғы 14 желтоқсандағы N 1203 қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006 жылғы 14 желтоқсандағы N 1203 қаулысымен.

Қайталама қара және түсті металдар рыногын реттеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қайталама қара және түсті металдар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 13 наурыздағы N 383 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 15, 148-құжат) мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

2-1-тармақ мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) тоқсан сайын, тоқсанның соңғы айының 25-күні өнеркәсіп саласындағы орталық уәкілетті органға берілген, тоқтатыла тұрған және қайтарып алынған лицензиялар, мамандандырылған кәсіпорындардың тізбесіне енгізілген заңды тұлғалар туралы, сондай-ақ лицензияларды тоқтата тұру және қайтарып алу жөнінде жүргізіліп жатқан жұмыс туралы есеп берсін.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Заңды тұлғалардың түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өңдеу және сату жөніндегі қызметін лицензиялаудың ережесінде:

2-1-тармақ алынып тасталсын;

2 1 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы ", оның ішінде" деген сөздер алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 22) тармақшамен толықтырылсын:

"22) өнеркәсіп саласындағы орталық уәкілетті органның келісуі";

көрсетілген Ережеге қосымшада:

4-тармақтағы "қызметі мамандандырылған ұйымдар" деген сөздердің алдынан "түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өңдеу және сату" қызметі түріне лицензиясы бар" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК